

АДАМ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ СПОРТҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты қазақстандықтар үшін «Спорт» тақырыбы қаншалықты қызықты екендігі туралы сұхбат нәтижелерін ұсынады.


6 сәуір – Халықаралық даму және бейбітшілік үшін спорт күні. Бұл мерекені 2013 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы азаматтарға жаттығулар жасаудың, денсаулық пен көтеріңкі көңіл-күйді сақтаудың маңыздылығын еске түсіру, сондай-ақ адамдардың әртүрлі спорт түрлері, даму тарихы, көрнекті спортшылар және таза ауада жаттығу жасаудың артықшылықтары туралы көбірек білуге көмектесу мақсатында белгілеген. Қазақстан басқа да көптеген елдермен бірге Халықаралық даму және бейбітшілік үшін спорт күнінің негізін қалау қарары жобасының демеушілері қатарына енді.

Біздің көпшілігіміз үшін өмірдегі спорт белгілі бір дәрежеде маңызды. Спорттың кез-келген түрімен белсенді айналысудан басқа, адамдар жалпы спорт тақырыбына қызығушылық танытады. Мысалы, спорттық жарыстарды көру, команда немесе сүйікті ойыншы үлкен ойынды жеңіп алған немесе жеңіске жету мүмкіндігін жоғалтқан сәттерде керемет эмоциялар жарылысын бере алады. Ойынды бақылау адамдарға жағымды сәттер сыйлайды, күнделікті проблемалардан алшақтатады, қызығушылық достарымен кездесуге, қызықты әңгіме-дүкен құруға, сондай-ақ жұмыстан демалуға мүмкіндік береді. Ұлы спортшылар біз үшін ұқсас болғысы келетін тұлғаларға айналады, бізді спортта да, жеке дамуда да жетістіктерге шабыттандырады.

Біз спорт тақырыбының қазақстандықтар үшін қаншалықты қызықты екенін анықтауға шешім қабылдадық.

Сұхбат нәтижелері бойынша Спорт тақырыбы көптеген тақырыптар арасында Денсаулық, Саясат, Экономика, Мәдениет және Ойын-сауық тақырыптарынан кейінгі маңыздылығы бойынша алтыншы орында тұр. Шамамен **әрбір үшінші респондент, Спорт тақырыбы оны бәрінен артық қызықтырады деп жауап берді.**

Егер Спорт саласындағы жаңалықтар қызықтыратын адамдардың болжалды портретін жасасақ, олардың арасында: ер адамдар әйелдерге қарағанда екі есе жиі кездеседі; 29 жасқа дейінгі жас буын өкілдері; орта білімі бар адамдар; студенттер, сонымен қатар жеке салада жұмыс істейтін немесе жеке бизнесі барлар; қала тұрғындары ауыл тұрғындарына қарағанда біршама жиі кездеседі. Спорттық жаңалықтарға ең көп қызығушылық танытатындар Ақмола, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының тұрғындары.



1-сурет. Сізді қандай тақырыптар қызықтырады?

*Сомасы 100,0%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілей алды.

Зерттеу әдістемесі:

Сауалнама әдісі – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат.

Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 77 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 2000 респондент.

Статистикалық қателік 3,5%-дан аспайды.

Өткізілу мерзімі – қыркүйек, 2020 жыл.